

**Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледждің 100 жылдығына және
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
онлайн-олимпиадасын өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

Осы ереже онлайн-олимпиаданың (бұдан әрі - Олимпиада) мәртебесін, мақсаттары мен міндеттерін, оны өткізу тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

«Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КҚМК білім беру мекемесінің 100 жылдығына орай және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында онлайн-олимпиада өткізеді.

2. Олимпиаданың мақсаты:

Оқушылардың лингвистикалық қабілеттері мен тілдік құзыреттіліктерін анықтау.

Міндеттері:

- студенттерді тіл үйренуге ынталандыру;
- студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасау, дарынды және талантты оқушыларға қолдау көрсету.

3. Ұйымдастырушылар: М.Жұмабаев атындағы жоғары колледждің «Мирас» көп тілді және ІТ-технологиялар құзыреттілігі орталықтары.

4. Қатысушылар: 0111000 «Негізгі орта білім беру». 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандықтарының студенттері

5. Іс-шара тілі: орыс, ағылшын.

6. Форма: қашықтықтан

7. Олимпиаданың шарттары: Олимпиада ІІ кезеңнен тұрады.

І кезең: «Ізденіс - өмір негізі», «Тіл және қоғам» тақырыптарында постер құру;

Критерийлері:

- тақырыпты аша білу мүмкіндігі;
- ақпараттылық, үгіт-насихат, дәйексөздерді қолдану, сөз тіркестерін, мәлімдемелерді түсіну;
- көркемдігі, эстетикасы және бейнелілігі;
- формат: А3;

Ескерту: Постер жеке жұмыс емес, оны оқушылардың шығармашылық тобы жасайды. 2021 жылдың 26 сәуірінде постерді сағат 10.00 колледж кітапханасына тапсыру қажет.

ІІ кезең: Онлайн тестілеу. 2021 жылдың 27 сәуірінде сағат 12: 00-де алдын-ала сілтеме арқылы тестілеу жүзеге асырылады.

Ескерту: <https://colmagzhan.kz> колледжінің сайтындағы сілтеме Miras парағында орналастырылған. Сілтеме көрсетілген уақытта ғана ашылады.

8. Марапаттау: Олимпиада жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады, жетекшілері бірге жазылады.

9. Сұрақтар бойынша хабарласуға болады:

«Орыс тілі» бойынша - Бежик Людмила Петровна, 87076254629.

«Ағылшын тілі» - Улан Альмира Руслановна, 87472702087.

Ұйымдастыру комитеті